



Ақмешіт

9 қараша
сенбі

№89 (2099)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке тапсырма берді. 2026 жылға қарай IT қызметі экспортын 1 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу, сондай-ақ Қазақстан IT саласында көшбасшы болу міндеті тұрғанын атап айтты. «Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керек. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн», – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЛАМГЕРДІҢ ҒАСЫР ТОЙЫ ТОЙЛАНДЫ



ҚАЗАҚСТАНДА IT мамандар тапшы ма?

Инновациялық инфрақұрылымды құру және жеке IT-компаниялар мен стартаптарды белсенді қолдау мемлекеттің басым міндеттеріне айналды. Қазақстанда IT саласының қарқынды дамып келе жатқанына қарамастан, бұл салада маман тапшылығы әлі де өзекті мәселе болып отыр. IT саласындағы көшбасшы болу үшін алдымен мамандарды оқыту маңызды. Жеткілікті білімі мен дағдылары бар IT мамандарын даярлау – саланың табысты дамуының кепілі. Қазақстанның IT саласы үлкен әлеуетке ие болғанымен, маман тапшылығы саланы дамытуға кедергі келтіруде. «24.kz» мәліметі бойынша, қазіргі таңда Қазақстанда шамамен 50 мыңға жуық IT маман жетіспейді. Осы мәселені шешу мақсатында Үкімет IT саладағы кадрларды даярлау және оқыту жоспарын іске асыруды бастады. Бұл жоспардың мақсаты – бағдарламашылар мен әзірлеушілер тапшылығын жою және IT қызметтерінің экспортын ұлғайту. «Ranking.kz» мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан 100 мың IT маман даярлауды жоспарлап отыр. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректері бойынша, 2023 жылы 35 мың IT маманды оқыту жоспары сәтті жүзеге асқан. Жоспар бойынша, 2029 жылға қарай жылына 40 мың маманға дейін даярлау қажет екен.

3-БЕТТЕ

Халық жазушысы
Әбдіжәміл
Нұрпейісовтің
100 жылдығына
орай «Ғасырлар
толқынының
дарабоздары»
шарасы
Ә.Нұрпейісов
атындағы әдебиет
үйінде «Әлем
таныған Әбе»
салтанатты
жиынымен
ашылды.



Қаламгер тойына арналған жиында аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының «Теңіз – өмір арнасы» атты қойылымы көрерменге ғаламат әсер сыйлады. Касиетті Сыр топырағында өмірге келіп, бүкіл ғұмырын ұлтымыздың рухани кемелденуіне және қазақстандықтардың шығармашылық мүмкіндігін әлемдік әдеби аренада танытуға арнаған қайраткердің өмірі мен шығармашылығын арқау еткен қойылым ұлт руханиятын ұлықтаған өңірдің маңызын арттыра түскендей. Облыс әкімі орынбасары Ш.Байманов теңізде туған талантқа құрметтің толастамайтынын жеткізді.

– Көк теңіздің биік нүктесі саналатын Беларан төбеді арнайы ас беріліп, рухына Құран бағышталды. Бүгінде бұл төбеді символикалық мәні бар қауырсын қалам бейнесіндегі арнайы мемориалдық белгі орнатылған. Елге ортақ аңыз тұлғаларға тән бұл жер Әбенің екінші жайы ретінде тарихта қалары сөзсіз. Бұдан бөлек, жақында ғана Алматы қаласында қаламгердің

есімін ұлықтау мақсатында Ә.Нұрпейісовтің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті. Конференцияға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі арнайы келіп қатысып, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының жедел хатын табыстады. Қаламгерге құрмет мұнымен шектелмейді. Ел есінде қалған есімінің алда да жаңғыра беретіні сөзсіз, – деді ол.

Қаламгер тойына келген қадірменді меймандар Әбдіжәміл Нұрпейісов атындағы әдебиет үйінде оның шығармашылығы мен өмірі туралы тың деректерге қанықты. Мұнда Әбе болмысын аша түсетін рухани құнды қазыналар жинақталған. Түрлі тарихи суреттер мен қолжазбалар, Әбенің өзі тұтыған заттары мен сан алуан экспонаттар жиынтығы, классик жазушының өз қолымен қайта өңдеген кітабы конәкәттерге ең құнды жәдігер ретінде таныстырылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

«ӨНЕР-БІЛІМ БАР ЖҰРТТАР...»



Бала бойындағы талантты танып, көзін аша білу – ұстаздың ұлы ебегінің бірі. Ұрпақтың тәрбиесі мен білімін ұлттың келешегімен сабақтастырған елміз. «Шыбықты жастайында қалай ісеп, солай өседі» деуші еді ғой... Міне, Сырдағы білім беру ісінде осы үрдіс кең қолданысқа ие. Оқушылардың қабілетін дамыту тұрғысында жақында ғана ашылған Оқушылар сарайы жұмысын бастады.

4-БЕТТЕ



ӨНЕРДІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Даңқты жазушы Мұхтар Әуезов «Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» деген екен. Шынында, адамға рухани қуат беретін мәдени өмірдегі ізгілікті шаралардың ұрпақ тәрбиесінде де орны ерекше. Ұлтымыздың өміршең салт-дәстүрін, ана тілін, өркениетін, тарихын елге танытып, мәдени дамуымызда көшбасшы болып жүрген Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жұмысы жылдың төрт мезгілінде де үздіксіз атқарылады.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қалалық деңгейде мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған іс-шараларды тұрақты жүргізіп келеді. Бөлімге қарасты қалалық мәдениет үйі, клубтары және халықтық ұжымдар кәсіпорны, орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қызылорда қаласының тарихи музейі, Жастар театры елге елеулі қызмет көрсетіп отыр. Осы уақытқа дейін қала көлемінде 966 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, оған 159841 көрермен тартылған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да –

тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Мәнінше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бекіткен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады», – деп өз Жолдауында қазақ тілінің мәртебесі туралы атап айтқан еді.

– Бөлімнің негізгі міндетінің бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау және дамыту. Бөлім тарапынан қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердің құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуіне ай сайын тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. 2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша құжат айналымы толығымен төл тілімізде жүргізілуде. Қала әкімдігінің жанынан құрылған қалалық ономастика жұмысшы тобының қызметін үйлестіреміз. Бүгінде қала аумағында комиссия шешімімен нақтыланған 1199 көше бар. Оның қаладағысы – 772, қалаға қарасты ауылдық округтердегісі – 427.

Қала аумағындағы 772 көшенің 440-ы кісі есімімен, 223-і тарихи жер-су атауларымен аталған, 109-на шартты атау берілген. Ауылдық округтердегі 427 көшенің 208 кісі есімімен, 67 көше тарихи жер-су, 152-не шартты атау берілген. 2 көше бүгінде идеологиялық тұрғыдан ауыстыруды қажет етеді, – дейді Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов.

2-БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Гүлзира ОМАРОВА, қолөнер шебері:

ҰЛТТЫҚ КИІМГЕ СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ


Кейіпкеріміз Гүлзира Омарова қолөнер саласын дамытуға үлес қосып келеді. Ол «Айша» қазақ бренд шеберханасының негізін қалады. Тігіншілікті тіршілігінің тұтқасына айналдыра білген қолөнер шебері ерлер мен әйелдерге, балаларға арналған қазақы нақыштағы киім және көрпе-төсек секілді көптеген бұйым тігумен айналысады.

– Гүлзира, әңгімемізді алдымен өзіңден бастасак...

– Өзім Қызылорда қаласына қарасты Тасбоғет кентінде дүниеге келдім. Отбасында алты ағайындымыз. Әкем көлік жөндеуші шебер кісі еді. Анам үй шаруашылығымен айналысып қана қоймай, су шаруашылығы мекемесінде көп жылдар еңбек етті. Көз ашқалы ата-анамыздың еткен бейнетін, еңбексүйгіштігін көріп өстік.

Бізге әрдайым ақыл-ақыл айтып, жаманнан жиренуге үндейтін. Адал жолмен нан табуға, өзгенің ақысын жемеуге үйретті. Обал-сауапты ажырата білуге шақыратын. Осындай тәрбиенің арқасында бауырларымыз барлығы қазіргі күні бір-бір шапырақ иесі атанып, өздерінің еңбектерімен тіршілігін жасап жатыр. Мен де тұрмыс құрып, ұл-қыздарымды тәрбиелеп, адал жолмен еңбек етіп келемін. Қазіргі таңда бес баланың анасымын.

2-БЕТТЕ





Қазақстанда IT мамандар тапшы ма?



Жұмыс іздеушілер санының көбеюіне қарамастан, мамандарға тапшылық деңгейде қалып отыр. Әрбір ашылған орынға 2,98 адам үміткер болады. Орта есеппен бойынша бір орынға бес-алты түйінделген мамандықтар бағдарламаларына қарағанда жоғары сұранысқа ие екенін көрсетеді.

«Elnbek.kz» мәліметтері бойынша, 2023 жылдың үшінші тоқсанында IT-сектордағы орташа көрсеткіштен 2,3 есе жоғары болды. 2023 жылғы маусымдағы жұмыс берушілердің «Head Hunter» басқа мәліметтерді ұсынды. Зерттеу бойынша, жалақы 360 000 теңгегі құрады, бұл көрсеткіш біліктілік пен лауазымға байланысты.

Жоғары табыс пен мүмкіндік

Қазақстандағы IT саласында дамуындағы жетістіктер туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласындағы директоры Ерұсұлтан Ерманов мәліметінше, 2022 жылы IT қызметкерінің орташа жалақысы \$30 мың құрады, ал 2023 жылдың алғашқы жартысында бұл көрсеткіш \$34,5 мыңға, яғни 15% өсті.

«Head Hunter» мәліметтеріне сәйкес, 2023 жылғы IT мамандарының орташа жалақысы 360 000 теңге құрады, бұл көрсеткіш біліктілік пен лауазымға байланысты.

Жастар IT саланы тандайды

Қазақстанның IT саласындағы кадр тапшылығы жою және оны манайы рөл атқарды. Жастар IT саланы тандайды. Жастар IT саланы тандайды. Жастар IT саланы тандайды.



Мектепте терендетіп оқыту қажет

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.



Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.

Қазіргі таңда IT саласы әлем бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланы дамыту үшін оқушылардың мектептегі білім деңгейін арттыру қажет.



«ӨНЕР-БІЛІМ БАР ЖҮРТТАР...»

Кескін-келбеті өзге ғимараттарға ұқсамайтын зәулім сарай ішінде талай таланттың бағын ашатыны анық. Ойдағы арман-мақсатына бойдағы қарым-қабілетімен қадам басқан әрбір жеткіншек үшін үлкен мүмкіндіктер алаңына айналды.

Сөз басында интеллект туралы айтып қалдық қой, жалпы бұл ұғымның пайда болғаны кеше, бүгін емес, ғасырлар бұрын ұлылар айтып кеткен. Аристотель, әл-Фараби тәрізді ойшылдардың сөзімен айтсақ, табиғат берген қабілет, тәрбие арқылы даритын білім. Ал «болам деген баланың бетін қаппай, белін буатын» қазақы ұстаным осы екеуін ұштастырып, баланың дана болуына жетелейді.

Сәл кейінге шегіне жасасақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы нысанның ашылу салтанатында мұнда аймақтың ең дарынды балалары тәрбиеленіп, елдің атын шығаратынына сенім білдірген еді.

Облыста биыл 187 нысанның құрылысы салынуда. Тек білім саласында 9 нысан ел игілігіне берілді. «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 350 млн теңгеге салынған 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы да – осы нысандар қатарында. Білім, ғылым, мәдениет және өнер саласының дамуы – өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Қазіргі таңда өңірде 62 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Ондағы үйірмелерге 60 663 оқушы қатысады.

Бұл ғимаратта балаларымыз бос уақытын тиімді өткізіп, пікірлес жаңа достар табады. Таным көкжиегін кеңейткен жас талапкерлер жаналық ашып, жарқын болашағына қажетті дағдыларға машықтанады деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

Қазаннан бастап жұмысын қолға алған Оқушылар сарайының ішінде техноорталық, бағдарламалау, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық зертхана, жылжымайлар мен қысқы бақ, телестудия, вокал, музыкалық аспаптар және хореография кабинеттері бар.

Жалпы айтқанда, Оқушылар сарайы білім сапасын жасарту, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында өңір жасөспірімдерінің интеллектуалдық және рухани тұрғыдан жан-жақты дамуына үлкен мүмкіндік туғызбақ. Қазіргі таңда қосымша білім беру орталығында мамандар мен оқушыларды қабылдау жүргізіліп жатыр. Негізгі қосымша білім берудің орта білім беруден айырмашылығы, біздің жұмыс жыл бойы жүргізіле береміз. Яғни, балалар мен мамандардың қабылдануы жыл басында да, ортасында да кез-келген мезгілде жүзеге асырылады, – дейді Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Оқушылар сарайы

директорының уақытша міндетін атқарушы Гаухар Құдайбергенова.

«Адамның өмірдегі ісі – алған тәжірибесінің жемісі. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сипаты бар: ақыл, сезім, қайрат. Адам жаратылыстан ақылды болып, осы үш сипаты бірдей тәрбиеленген болса, ол кісі әрі данышпан болады. Ол адам ісінде байыпты, табанды болып көп қате жібермейді. Егер ақылы шамалы адамның үш жан сипаты бірдей тәрбиеленген болса, ол адам өзіне-өзі қанағатшыл, өміріне риза, орташа тығанды кісі болады» дейді Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов.

Қаламгер айтқан адамның қабілетін дамыта жүріп, оны ұшпаққа шығару – бір мектептің ғана жұмысы емес. Бұл ретте балаға мектеп бағдарламасынан бөлек, қосымша білім беру орталықтары мен ата-ананың қолдауы керек. Талант пен дарынды өз уақытында танылады деу – қате. Оған қолдау керек. Ал бала жанының бағбанына айналған ұстаздардың еңбегі бұл тұрғыда ерен екенін ұмытпаған абзал. Осы бағытты ұстанған тәрбиешілердің бірі – Оқушылар сарайындағы хореография үйірмесінің жетекшісі Әсел Бекзатханқызы. Би өнеріндегі орны қалыптасқан өнер адамы талай шәкіртке қанат бітіріп жүр. Оны ата-аналар өздері іздеп келіп, баласының өнерін дамытуы аманаттайды.

– Әсел Бекзатханқызы – біздің бұрынғы би жетекшіміз. Қазір Оқушылар сарайына ауысқалы бері біз де сол орталыққа баратын болдық. Әрине, баламызды үйірге жіберер алдында біз жетекшісі туралы сұраймыз. Ол кім, белсенділігі қандай деген сынды сауалдарға жауап іздейміз. Оқушылар сарайындағы би үйірмесі заманауи талаптарға сай жабдықталған. Бала үшін үлкен мүмкіндіктер алаңы деп айтсақ болады. Ал жетекшіміз – өте білікті маман, жоғары санатты педагог. Балаларға би өнерін үйретуде бар қабілетін салып жүр. Репертуары өте бай. Жетістіктері де мол. Міне, біз осылай жан-жақты ойлап, қалам басып, үйірге жазылдық, – дейді ата-ана Лаура Нигматуллина.

Әлбетте, ұстаз үшін ата-ананың ықыласы бәрінен маңызды. Олардың аманатына қиянат жасамай, балалардың қанатын қатайтып, биік шыңдарға жетелеп жүрген ұстаз да өз жолынан жанылған емес.

– Үйірменің ең бірінші мақсаты – балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Мен жетекшілік ететін хореография үйірмесіне балалар 5 жастан бастап, 17 жасқа дейін қатыса алады. Түске дейін де, түстен кейін де топтар бар. Әр топ аптасына екі рет бір жарым сағаттан келеді. Топта 15 қатысушыдан бар. Оқушылар сарайы біздің баланы үйретуімізге қажетті барлық құрал-жабдықтармен қамтылған. Балалар өз кимылдарын көріп, қарап үйренуі үшін айнаның маңызы зор. Залда үлкен айна, киім ауыстыратын екі бөлмеміз бар. Интерактивті тактамыз да кәдемізге асып тұр. Балаларға сол арқылы керемет би қойылымдарын көрсетіп, тәжірибе алмасамыз, – дейді Әсел Бекзатханқызы.

Оқушылар сарайының ашылуына бір айдан енді ғана асып жатыр. Сондықтан мұндағы жұмыс қалыптасу үстінде. Білікті хореограф та балалардың дене қимылын бір ретке келтіріп, олардың бойында би өнерінің іргетасын нықтап қалыптастырып алған соң алдағы мерекелік кештерде өрендердің өнерін танытатынына сенімді.

– Балалардың қызығушылығы өте жоғары деңгейде. Ізденістері тәтті етеді. Балалармен жұмыс істеу оңай да емес, қиын деп те айта алмаймын. Осы саладағы жиырма жылдың ішінде талай шәкіртім болды. Олардың әрбіріне ана болдым деп айта аламын. Балалар мені солай атайды. Мен осында ауысқалы бері артынан іздеп, еріп кеп жатқан да шәкірттерім бар. Мұның барлығы еңбектің еленгені емес пе?! Алдағы уақытта да біз дәл осындай бір үйдің

баласындай болып, талай сайыста бақ сынаймыз. Әлі талай жеңісті жолды жалғаймыз, – дейді хореограф.

Оқушылар сарайындағы IT бағытындағы 3D графика үйірмесіне Бағдат Қадырбеков жетекшілік етеді. Балалар мұнда анимация, ғимараттың қасбетін, интерьерлік дизайнның үлгісін жасауды, фильмдердегі эффекттердің моделін құрастыруды үйренеді.

– Балаларға үйрету, жеткізу үшін солардың тілінде сөйлеуіміз керек. Біз яғни, ойын түрінде сабақ жүргіземіз. Шетелдік ойындарды ойнай бермей, қайта сол ойынды жасауды үйрену керек. Қандай ойын дейсіз ғой, мәселен, ежелгі Жанкент қаласы. Ойын арқылы ежелгі қаланы серуендеп жүреді. Алдынан ақсақал шығып, онымен амандасқан сәтте қария қаланың тарихын айтып береді. Әрі ойын, әрі баланың санасына сәуле шашады. Байтақ Отанымыздың ежелгі тарихын зерделейді. Білім саласының негізгі мақсаты да осында жатыр ғой. Ойын бағытында жұмыс істеу процесін қолданамыз. Қазақтың ұлттық жарыстарын да келтіруге болады. Мұндағы негізгі бағыт – виртуалды әлем жасау, – дейді Б.Қадырбеков.

Мұндағы ең басты талап – баланың компьютерлік сауатты болуы. Ал бұл саланың әліпсізін үйренген бала әрі қарай өзінің қызығушылығымен кірісіп кетеді. 3D графиканың өзінің сан түрі бар. Соның бірін таңдайды.

– Ата-аналар бала болашағына алаңдағандықтан, олар IT технология саласына бергісі келеді. Неге дейсіз бе? Өйткені үйірмеден саланың әліпсізін менгерген бала болашақ мамандығын да осыған сай таңдай алады. Ал IT салада жұмысқа тұру үшін тамыр-таным та, ақша да керек емес.

Мұнда бастысы – тәжірибе, білім, ынтымақ. Оған қоса, бұл салада маман тапшылығы жетерлік. Ал бұл үйірге баласы қатыспайтын ата-аналардың өзі ақыл сұрап, кенес алып жатады. Қарапайым ғана мысал, CMM маманы деген мамандық жоқ. Оқу орындары бұл бағытта оқытпайды. Бірақ қабілет-қарымның арқасында үйреніп алуға болады және

бұл мамандық жоғары сұранысқа ие, – дейді үйірме жетекшісі.

Таяуда ғана Алматыға республика бойынша мың педагогтың басын қосқан үлкен жиыныға барып келген Бағдат Насырбекұлы қазіргі таңда IT саланы оқушылардан бөлек, мұғалімдерге де үйретіп жатқанын айтады. Демек, қоғамның сұранысы жоғары деген сөз.

Мен ғылыми жобалармен де айналысамын. Кеше ғана республика бойынша мың педагогты IT саласына бағыттауда тәжірибелі мамандармен жолығуының куәсі болдым. Өзім 40 мұғалімге үйреттім. Жиынның мақсаты – маманның тәжірибесін мұғалімдерге үлгі ету. Әрбір мұғалім бұл саланың қыр-сырына қанығу керек. Ол барып оқушыларға үйретеді. Оқушылардың көзқарасын қалыптастырады. Түптің түбіндегі мақсат – білім берудің сапасын жоғарылату. Бір қызығы, біз ізденіп жүріп оқығанбыз, қазір мамандар оқушылардың қызығушылығын оятуға көшті. Бұл – балаларға берілген үлкен мүмкіндік, – дейді Б.Қадырбеков.

Осы күні сол жағалаудағы жаңа қаланың халқы 15 мыңға жуықтады. Әрине, бұл – үлкен қуаныш. Ал Оқушылар сарайына барғысы келетін қаланың басқа аймақтарындағы балалар үшін №24 қалалық қоғамдық көлік ұйымдастырылған. Оқушылар сарайында қазір жалғыз ғана мәселе – балаларды тасымалдауға арнаулы автобус қажеттілігі ғана. Оның да шешілер күні алыс емес тәрізді.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірсеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3498 Тапсырыс №1760
Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.